

**"Карой ЖМ" КММ Қамқоршылық кеңес мүшелерінің
№1 хаттамасы**

30.10.2023ж

Қатысқандар - 11 адам

Күн тәртібі

1. I тоқсандағы үлгерім корытындысы (Бюрабекова Г.З директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары)
2. Тәрбие жұмысы бойынша I тоқсанда өткізілген іс-шаралар туралы ақпарат. (Есмаганбетова С. Ж. директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)
3. Тамақтану сапасын ұйымдастыруды бақылау
4. Жасөспірімдердің арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуы.

1. Бірінші сұрақ бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Бюрабекова Г.З тыңдалды:

Бюрабекова Г.З Қамқоршылық кеңес мүшелерінің назарына I тоқсандағы үлгерім корытындылары туралы жеткізді. Қарой мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылының I тоқсанында 2-11 сыныптарда барлығы 74 окушы оның ішінде 1 окушы үлгерімін ескере отырып, үйде оқиды (Мухтарова Карина, 9 орыс сыныбының окушысы). 2023-2024 оқу жылының I тоқсанында білім сапасы 54.8 % құрады, 4 үздік, 36 жақсы оқитын окушылар анықталды. Окушыларымыз көптеген аудандық, мектепшілік олимпиадаға қатысып жүлдөрі орындарға ие болды. Атап өтсек: «CLEVER-2023» Жунусова Адина 1 -орын, Боранкул Айқын - 2орын, Аманжол Мерей 3-орын, Жанжол Оразхан 3-орынға ие болды. «Кентуру- математика для всех» халықаралық олимпиадада Жанжол Оразхан3-орынға ие болса, « Алтын сақа» олимпиадасына мектебімізден 9 қатысып 3 жүлдөрі орынға ие болды. Мұғалімдер окушылармен қосымша, жеке жұмыстар жүргізді. Окушылардың білім сапасын арттыру мақсатында келесі жұмыстар жүргізіледі: үлгерімі нашар окушылармен жұмыс, окушылармен жеке сабактар, кеңес беру сабактары, дарынды окушыларды пәндей олимпиадаларға, зияткерлік конкурстарға дайындау бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сабактардағы мұғалімдер оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын колдана отырып, танымдық іс-әрекетті ынталандыру үшін жағдай жасайды. Ата-аналарды оқу процесіне тартады. Аттестацияланбаған және I тоқсанда үлгермейтін окушылар жоқ.

Шешімі: 1.2. Ақпаратты назарға алыңыз.

1.Пән мұғалімдеріне оқыту сапасын арттыру бағытында окушылармен сарапанған жұмыс жүргізу.

2. Бір "4" және бір "3"бар окушылар назарға алынын және назар аударылсын.

2. Екінші сұрақ бойынша Есмаганбетова С. Ж., директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары тыңдалды.

Биылғы оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен 2023-2024 оқу жылына арналған Кешенді жоспар бойынша тәрбие жұмысы іске асуда. «**Біртұтас тәрбие бағдарламасы**» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Сонымен қатар мектебімізде « Өнегелі өмір жобасы» I тоқсан бойынша екі кездесу өтті, «Оқуға құштар мектебі» өз жұмыстарын жалғастыруда. Биылғы оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрлігінің 2023-2024 оқу жылына арналған «Бірінғай білім беру бағдарламасы» іске асырудың кешенді жоспарының жобасында

дүйсенбі күні бірыңғай сынып сафаты болып белгіленген, әр сыныпта сынып сафаттар жоспар бойынша өтуде. 1 тамыздан -30 қыркүйекке дейін Республикалық мектепке жол акциясы ұйымдастырылып 10 окушыға мектеп оку-қурал жабдықтар әперілді. Демеушілеріміз: ауыл дүкендері, мұғалімдер ұжымы. 1 қыркүйек - ілім күні «Мектеп – мейірім мекені» атты салтанатты жиын өтті, жыл көртындысы бойынша мектебіміздің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Андреенко Татьяна Владимировна мен бастауыш сынып мұғалімі Тұйтебекова Гульзипа Жаксылышкова облыстық білім басқармасының алғыс хаттымен марапатталды. 5 қыркүйек Қазақстан халқы тілдер күніне арналған А. Байтұрсынұлының туған күн мерекесін атап өтуге байланысты «Тіл – кемел болашақ тұғыры» атты саптық жиын өтті, ашық диктант өткізілді. Қазақстан Республикасының Конституция күніне арналған футболдан жарыс өтті, кітап көрмесі ұйымдастырылды. 18 қазан Рухани келісім күніне ауылымыздың имамы Максутов Сыздық Максутұлымен кездесу ұйымдастырылып, окушылыр өз толғандырган ойларымен бөлісті. Республика күніне арналған тәрбие сағаттары, кітап көрмесі, дебат ойындары өтті. 25 қазан Республика күніне орай Нұра білім бөлімінің ұйымдастыруымен білім беру мекемелерінің арасында өткен қолөнер көрмесіне мектебіміздің окушылары қатысып, көрсеткен жақсы нәтижелері үшін білім бөлімінің басшысы Есмаганбетов Аарат Мылтықбаевичтың алғыс хаттымен марапатталды. Нұра ауданы білім бөлімі ұйымдастырган «Жаңа Қазақстан, Таза табигат», «Өнүран орындау» членлendждеріне мектеп ұжымы мен окушылары белсene қатысты. 29 қазан қамқоршылар күніне арналған «Жылы сезім» атты іс – шара өтті, мектебіміздегі қамқоршы ата –анаға құрмет көрсетіліп, мектеп директоры Тұякова Н.Б алғыс хатпен марапаттады. Өткізілген іс – шаралар мектепшілік инстаграм, фейсбук парапшаларына жарияланып отырады.

3-сұрақ бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есмаганбетова С.Ж тыңдалды:

Тамактану сапасын тексеру мақсатында мектеп асханасының мәзірімен танысып тексеру жұмыстары ұйымдастырылып отырады. Тамактануды ұйымдастырыңы жауапкершілігі және тамақ сапасын қунделікті дайындалуы, окушылардың толықтай тамактануы бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасарың бақылауында. Сонымен қатар ашықтықты қамтамасыз ету барысында сайланған бракераждық комиссия мүшелері бар. Асханада мектеп бойынша 39 бала тамактанады оның ішінде жалпы окуға қамтылған балалардың саны-7, 1-4 сынып балаларының саны - 32. Қунделікті бракераж комиссиясының мүшесі Жуkenova K.M таңғы және түскі тамақ бермес бұрын дәмін, мөлшерін бақылап отырады. Арнайы бекітілген уақыт бойынша окушылар екі ауысымда тамактанады. Бракераждық комиссия мүшелері белгіленген уақыттарында окушылардың тамактануын бақылап, өздерінің арнайы дәптерлеріне пікір ұсыныстарын жазады.

Шешімі: Тамактану сапасы үнемі бақылауға алынын

4- сұрақ бойынша қамқоршылық кеңестің мүшесі, бракераж комиссиясының мүшесі Жумашева Р тыңдалды:

Біз комиссия мүшелері әр айдың 19 жүлдезында мектептегі ыстық тамактың берілу жағдайын бақылап отырамыз. Тексеріс барысында тамақ даярлау блоктары, ыдыс жуатын бөлме, азық-түлік сақталатын қоймалар, жалпы асхананың санитарлық нормалары тексерілді. Сонымен қатар дайындалған тамақтың сапасы, салыну мөлшері, с-витаминдеу журналының жүргізілуі, тамақты әзірлеу технологиясының орындалуы, тамақтың тәуліктік үлгілерінің алынуы, окушылардың тамактану режимінің орындалуы тексерілді. Тексеріс қорытындысы бойынша асхананың жағдайы жақсы деп бағаланды. Асханаға сыныптар кестеге сәйкес кезекпен кіреді. Іздестар жеткілікті, сынган ыдыстар жоқ. Жалпы асхананың жұмысы талаптарға сай жүргізіледі.

Шешімі: мектеп асханасының жұмысы канагаттандыларлық Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Ж Есмаганбетова сөз бастады. «Бұғынгі күнгі қоғамның алдында тұрған басты

міндеттердің бірі -балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмагандар арасындағы қылмыстың есүіне жол бермеу. Құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында оқу жылының басынан бері біздің мектебімізде жоспарға сай жұмыстар атқарылып келеді. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында мектепте құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде кенес жұмыс жасайды. Әр ай сайын кенес отырысы болып өтеді. Мектепте наркологиялық бекеттер жұмыс істейді. Сонымен бірге, бүгінде мектебімізде бірнеше спорттық үйірмелер жұмыс жасайды, сыйнып сағаттары, дөңгелек үстелдер, кітап көрмелері құқық тақырыбында өткізіледі. 27 қазан Нұра ауданы ішкі істер басқармасының инспекторылары полиция лейтенанты Сагадилбеков А.Ж, Тамаев С.Ж және Карой ауылының участекі инспекторы полиция лейтенанты Ұлан Нұрбекұлы Мереке мектебіміздің 8-11 сыйнып оқушыларымен жүздесіп «Бопсалау», «Балалар суициді және тәуекеллікке апаратын факторлар», «Кәмелетке толмағандардың құқықтық жауапкершілігі», «Кәмелетке толмағандардың әкімшілік және қылмыстық жауаптылығы», «Отбасындағы тұрмыстық зорлық-зомбылық» тақырыбында дәріс оқыды. Дәріс оқу барысында мектеп оқушылары өздері толғандырган әртүрлі сұрақтарын қойып жауап алды. Азаматтың міндеті - заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндеттін орындау. Өйткені заң дегеніміз - өмірдің нәрі. Сонымен қатар, ата-аналардың баланы күтіп-баптаудағы жауапкершілігі мен міндеттеріне де жеке тоқталып кетті. «Жоғарыда аталған заңды нормативтік құжаттардың мақсаттары мен міндеттерін толық баяндап жеткізуде жастар арасында тәртіп орнату, тұлғалардың дербес жауапкершілігін арттыру, қылмысты болдырмау жолдарын дамытып, жандандыру ол сіздермен біздің бірлесе отырып, яғни мектеп пен ата-ана болып жұмыс жасағандаға жүзеге аспақ. Сонда жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтар азайып балаларымыз құқылы, дербес ортада өмір сүреді» деп, сөзін аяқтады.

Қаулы етті:

1. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтарының алдын алу шаралары ата-аналар тарапынан қатаң назарға алынын.

Төрайымы – Кабиев Серик Кашкенбаевич – кәсіпкер

Хатшы – Есмаганбетова Салтанат Жаксылыковна – тәрбие жөніндегі орынбасары

Мүшелері: Тулегенова Жумагуль – кәсіпкер

Шуленбаева Т.Г.– Карой ауылының әкімінің аппаратының маманы

Смаилов С.Б. – Карой ауылының әкімінің аппаратының бас маманы

Баисейтова А.Ы. – медбике

Жумашева Р. – ата-аналар комитетінің төрайымы

Тютебеков Д - кәсіпкер

Нашарбекова А – кәсіпкер

Нурмагамбетова Ф.М. – мәдениет үйінің менгерушісі